

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



Наурыз айының 21-31 күндері аралығында Өскемен қаласында ұлтымыздың көне ойыны - тоғызқұмалақтан жасөспірімдер мен жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Жарысқа Ақадыр балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің үздік спортшысы Тастимов Диас Асхатұлы қатысып, жүлделі екінші орынға қол жеткізді. Жүлде иесінің жаттықтырушысы халықаралық

дәрежедегі спорт шебері, Азия, республика біріншіліктері мен турнирлерінің бірнеше дүркін жеңімпазы мен жүлдегері Қожанәсіп Асылхан Азаматұлы.

Жеңістен жеңіске жете берейік!

**Өз тілшімізден,
Ақадыр кенті.**

Шет шұғыласы. - 2024. - 4 сәуір (№14). - 8 б.